

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 28 наурыз N 450. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.14. N 674 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасындағы экспорттық бақылау жүйесін жетілдіру туралы" 1999 жылғы 14 желтоқсандағы N

1917 және "Қазақстан Республикасында экспорттық бақылауды жүзеге асырудың тәртібі мен Қазақстан Республикасына әкелінетін экспорттық бақылауға жататын өнімді пайдалану жөніндегі міндеттемелерді ресімдеу және олардың атқарылуын бақылаудың тәртібін бекіту туралы" 1999 жылғы 14 желтоқсандағы N 1919 қаулыларын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзиттің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) 2-тармақтың 2)-тармақшасының күші жойылды деп танылсын;
2) көрсетілген қаулымен бекітілген Экспорттық бақылауға жататын өнімдерді Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсатын берудің тәртібінде:

3-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Шешімдердің жобаларын дайындауды Қазақстан Республикасы Экспорттық бақылау мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссиясының жұмыс органы - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі (бұдан әрі - Жұмыс органы) жүзеге асырады";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Өтініш Жұмыс органына өтініш беруші елінің ресми органдары арқылы беріледі." ;

8-тармақтағы "Комиссияның" деген сөз "Жұмыс органының" деген сөздермен ауыстырылсын ;

10 - тармақта :

бірінші және екінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Жұмыс органына келіп түскен өтініш қоса берілген құжаттармен бірге Қазақстан Республикасы Экспорттық бақылау мәселелері жөніндегі мемлекеттік

комиссиясының экспорттық бақылауына жататын өнімдердің экспорты-импорты және транзиті мәселелері жөніндегі кіші комиссия мүшелеріне келісуге ж о л д а н а д ы .

Сараптама жүргізу және Рұқсат берудің орындылығы туралы қорытындыны ресімдеу үшін құжаттар мынадай номенклатура бойынша тиісті мемлекеттік органдарға келісуге қосымша жолданылуы мүмкін:";

үшінші абзацта "Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Атом энергиясы жөніндегі агенттігіне" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитетіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"қызметтік және азаматтық қару, оқ-дәрі, жарылғыш заттар, жару құралдары және пиротехника - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне.";

алтыншы абзац алынып тасталсын;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Жұмыс органы Рұқсат беру туралы қаулының жобасын не өтініш берушіге Рұқсат беруден бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды және тиісті құжатты Қазақстан Республикасының Экспорттық бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы экспорттық бақылауға жататын өнімдердің экспорты-импорты және транзиті мәселелері жөніндегі кіші комиссиясының қаруына енгізеді.";

13 - т а р м а қ т а ғ ы :

"Кәсіпорын" деген сөз "Жұмыс органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Транзитке рұқсат" берілгені үшін көлемі заңнамаға сәйкес белгіленетін ақы алынады" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

бірінші орынбасары